



«№2 Ақтау қалалық емханасы»  
ШЖҚ МКК-ның сыйбайлас жемқорлыққа  
қарсы комплаенс-қызметінің  
**ЕРЕЖЕСІ**

Код: АҚЕ-ЛН.6.1  
Стр. 1 из 10

Код:	АҚЕ-ЛН.6.1		
Атауы:	«№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МКК- ның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс- офицер қызметінің ЕРЕЖЕСІ		
Бекітілген	Приказом директора ГКПнАПХВ «Актауская городская поликлиника №2» от 03 мая 2023 года № 89/1		
Әзірлеуші:	Лауазымы	A.T.Ә.	Kолы
	Комплаенс-офицер	Бозбанова С.К.	
	Директор	Байгожаев Ж.М.	
	Күкіктық кадр мәселелері және іс жүргізу қызметінің басшысы	Кошакова А.Т.	
	Зангер (кенесші)	Нуржабекова К.О.	

Ақтау, 2023 жыл



«№2 Ақтау қалалық емханасы»  
ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлыққа  
қарсы комплаенс-қызметінің  
ЕРЕЖЕСІ

Код: АҚЕ-ЛН.6.1  
Стр. 2 из 10

## 1. Жалпы ережелер

1. «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазақстан Республикасы Занының 16 бабының 3 тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы ереже «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, өкілеттіктерін айқындаиды.

3. «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, осы Ережені ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережені бекітеді.

4. Ереже «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

5. Осы Ережеде мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі заннамасын сактауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мүдделер кактығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды аткаралың адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауда уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

6. «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның ұйымының және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заннамасын сактауын қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа



**«№2 Ақтау қалалық емханасы»  
ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлыққа  
қарсы комплаенс-қызметінің  
ЕРЕЖЕСІ**

Код: АҚЕ-ЛН.6.1  
Стр. 3 из 10

қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалды.

Бұл ретте, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын жауапты тұлғаны «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның Байқау кенесінің шешімімен ұйым басшысы айқындейды.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Байқау кенесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасы талаптарының сакталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық колдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі үәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері қөрсетеді.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

11. Егер Занмен, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Ережеде көзделмеген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Кәсіпорын байқау кенесі мен басшысы бекітеді.

**2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары,  
міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері**

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызмет қызметтінің негізгі мақсаты «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сакталуын қамтамасыз ету;

5) Занға сәйкес, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттарының сакталуын қамтамасыз ету;



«№2 Ақтау қалалық емханасы»  
ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлыққа  
карсы комплаенс-қызметінің  
**ЕРЕЖЕСІ**

Код: АҚЕ-ЛН.6.1  
Стр. 4 из 10

14. «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қагидаттарды басшылыққа алады:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс тиімділігіне мүдделелілігі;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет қызметінің акпараттық ашықтығы;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенсті жетілдіріу;
- 7) сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

15. Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің функциялары:

- 1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:
  - субъектісінің сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимылдарын ішкі саясаты;
  - қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл жөніндегі нұскаулық;
  - мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудін ішкі саясаты;
  - сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа карсы стандарт;
  - сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
  - қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;
  - корпоративтік әдеп пен мінезд-құлыш мәселелерін регламенттейтін құжат;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа карсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, корытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 3) «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;
- 5) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-де анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;
- 6) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа карсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;



**«№2 Ақтау қалалық емханасы»  
ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлыққа  
карсы комплаенс-қызметінің  
ЕРЕЖЕСІ**

Код: АҚЕ-ЛН.6.1  
Стр. 5 из 10

7) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен міnez құлық мәселелерін сактауды қамтамасыз етеді;

9) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет күзынеті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың Занда белгіленген каржылық бакылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауды қамтамасыз етеді;

11) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындаудына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мұдделер кактығысын, оның ішінде кәсіпорында жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-да сыйлыктар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-да сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

16) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің акпаратын тыңдайды;

19) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, кәсіпорынның қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

20) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның қызметінің ерекшелігіне карай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер кактығысының туындауына әкеп соқпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, коғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

16. «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның Байқау кеңесінің және басшысы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындауды жүзеге асырады



**«№2 Ақтау қалалық емханасы»  
ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлыққа  
қарсы комплаенс-қызметтінің  
ЕРЕЖЕСІ**

Код: АҚЕ-ЛН.6.1  
Стр. 6 из 10

және оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және еңбекке ақы төлеудің шарттарын айқындайды.

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

18. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның басшысының шешімімен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

19. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындастын құжаттармен айқындалады және оларды басшысы бекітеді.

20. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның директор, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына ұсыныс береді.

21. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның басқа құрылымдық бөлімшелеріне, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствоға бағынысты ұйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

22. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы үәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы кажет.

23. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметтінің шенберінде:

1) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның құрылымдық бөлімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның басшысына директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шыгаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс кимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шенберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;



**«№2 Ақтау қалалық емханасы»  
ШЖҚ МҚҚ-ның сыйбайлас жемқорлыққа  
карсы комплаенс-қызметтінін  
ЕРЕЖЕСІ**

Код: АҚЕ-ЛН.6.1  
Стр. 7 из 10

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚҚ-ның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы, сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

24. Өз қызметтің жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызмет:

1) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚҚ-ның және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық күкірткыштың бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялыштың сақтайды;

2) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚҚ-де сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе накты фактілері бойынша жүргінген адамдардың құпиялыштың қамтамасыз етеді;

3) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚҚ-ның байқау кенесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдын, ал көрсетілген органдар болмagan жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақытылы хабардар етеді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық күкірткыштың жағдайлары туралы хабарлайды;

5) «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚҚ-ның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

25. Сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатыскан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындан зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындан залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

26. «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚҚ-ның басшылығы:



**«№2 Ақтау қалалық емханасы»  
ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлас жемқорлыққа  
қарсі комплаенс-қызметтің  
ЕРЕЖЕСІ**

Код: АҚЕ-ЛН.6.1  
Стр. 8 из 10

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқыктарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде акпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дереккорларға колжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, элеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

27. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-кимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

28. «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіне келесідей жәрдемдеседі:

1) осы Үлгілік ереженің 14-тармағы 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындастын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

### **3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі**

29. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-де қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша акпаратты тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша кәсіпорында қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жібереді.

30. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет «№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның байқау кеңесіне мерзімді турде есеп береді.

«№2 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚК-ның басшысы тарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Занының 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.



**«№2 Актау қалалық емханасы»  
ШЖҚ МҚҚ-ның сыйбайлар жемкорлыққа  
кареы комплаенс-қызметінің  
ЕРЕЖЕСІ**

Код: АКЕ-ЛН.6.1  
Стр. 9 из 10

Сыбайлар жемқорлыққа қарсы комплаенс- офицер қызметінің  
лауазымдық нұсқаулық сипаттамасына сәйкес жұмыс парағы



**«№2 Ақтау қалалық емханасы»  
ШЖҚ МҚК-ның сыйбайлар жемқорлыққа  
карсы комплаенс-қызметтінің  
ЕРЕЖЕСІ**

Код: АКЕ-ЛН.6.1  
Стр. 10 из 10

# Сыбайлас жемқорлықта қарсы комплаенс- офицер қызметінің лауазымдық нұсқаулықпен **ТАҢЫСУ ПАРАГЫ**